


# AK SHAKEN

ISSN 0234 — 6818

№ 8 ТАМЫЗ 1996





**Жанат ЕЛШІБЕК**

## ИТТИҢ КӨЗ ЖАСЫ

Әдetteгі жарасымды жайма-шуақ отырыс біртіндеп табиғатта сирек үшырасатын қызықты оқиғаларға ойысқан. Әңгіме дүкені қызған шақтағы адамдардың көніл ауаны да бөлекше болса керек. Әркім езі көрген, езі тамашалаған, езі бастан кешірген елең еткізер жәйттерді жеткізгенше асығатыны белгілі. Жиналғандардың жүздері де сәт сайын құбылып бір бозарып — мұнайып, бір жадырап-куліп қылы-қылы қүй кешедіай! Тіпті, адам айтса наңғысыз көріністердің бірі одан бетер үрейлендіріп шошындырса, енді бірі жұждырықтай жүргегінді езіп ерекше егілтеді. Мұндайда тарқатылған үршықтай ширатылған әңгіме үшін көрінбей, қайта көрініше қоздап қоя береді емес пе?

Қалт еткен тынысты мезетте өзім күә болған тосын оқиғаның шетін шығардым.

— Иттиң жылағаның көргендерініз бар ма, осы?

— ?..

Жөпелдемеде өшкім тіл қатпаған. Оқыс сауал әлгіндегі дабыр-дүбірді сабасына түсіргендей. Ілкі сәттік тыныштықты күнүзакқа әңгіме көрігін қыздырған сақалды жігіт бөлді.

— Жеті қазынаның біріне саналатын ит туралы неше түрлі аңыздар бар ғой, — деген ол сөзін әріден сабақтады. — Құтқарушы ит, із кесуші ит, циркаш ит, сөйлейтін ит... Үқылым заманнан бері адаммен бірге жасасып келе жатқан тәрт аяқты досымыз жайында, олардың қайран қалдыраш қасиеттері мен іс-әрекеттері жөнінде тәуілкі бойына тамсана сез етуге болар еди. Бірақ...

Шыдамадым:

— Иә, ойыныз түсінікті, — дедім жалма-жан. «Жылаған итті кездестірген емеспін» дейсіз ғой. Ендеши, маған

құлак түрініз. Қабір құшақтап жылаған иттің хикаясын айтып берейін.

Сол-ақ екен аңары ауған өзгелер көмейлеріне іркілтеген күмәнді сауалдарын жарыса ағытқан:

— Болған оқиға ма, өзі? Қашан, қай жерде?

— Рас, айтасыз ба?

Әңгімені белмелік.

— Тындалық та алдымен...

Осыдан тұра тәрт жыл бұрынғы оқиға қаз-қалпында бар бояуымен көз алдыма жетіп келген. Мұнға толы сол суреттің санамда қайта жаңғырған сұлбасы төмөнделгідей.

— Сәуір сәулесі мөлдіреп түрған кез еді. Ерте шыққан көктем бүкіл Қаратал бойын жасыл желеkeк белеп-ақ тастаған. Іргедегі Балқаштан лекіген қоңыр салқын алтынкүрекке ұласып жатқандай. Тек шуақты көнілге ызғар үйрекен жақсы көретін аяулы азамат Қосжанның қазасы. Тетенінен жабысқан дерт ай аралатпай құлатты емес пе. Орда бұзар отызында қапылыста қанаты қайырылып, сонында жәудіреп шиеттей бала-пандары шырылдаш қалды. Қабыргасы қайысқан үлкен-кіші аяғынан тік тұрып қызмет көрсетуде. Тірі жан әманда пеңдешілігін жасаған. Қаралы қундері жүрт назарын өзіне айрықша аударған Қосжанның иті көптің тамашасына айналды. Иесінің дүниe салғанын сезген Ақтөс табалдырықта бүк түсіп, үн-түнсіз жатып алады.

О, тоба! Бейкүнә сәбидің пәк жүргі нені сезсеши. Үздік-создық дауыс салып келгендердің аяғына оратылған иттің көзіндегі мөлтілдеген жасты байқаған кішкентай Амантай шешесінің мойнына асылып:

— Ә-не, қарашы көзіне! Ақтөс те әкемді ойлап жылап жатыр, — дейді қаннен-қаперсіз.

Иесінің қайырыған иттің көз жасы, дәрменсіз аянышты қылышы үй ішін бұрынғыдан бетер жүдегіп, жабырқатып-ақ жіберді.

— Қайтсін-ай, бауыр басқан қожайынын тілсіз мақұлықтың езі де өлімге қимағаны ғой, — деді әңгіме

шырайын бұзғысы келмей ынтыға көңіл аударған сақалды жігіт.

— Ақылды ит екен. Сосын...

— Ақтөсің шын мәнінде ерек хайуан боп шықты, — дедім үзілген өңгімені қайта жалғап. — Иесін жерлеген күні бүкіл жиналған жұртты жылатты емес пе. Көпшілік тарқап, кісі аяғы саябырлағанда жас қабірді құшақтап, тырп етпей жатып алған Ақтестің қылышы баршаның таңдайын қақтырған. Бұрын-соңды мұндайды ұшыратпаған ересектердің өздері жанарларын бұршақтатып, жалтақ-жалтақ арттарына қарайлай берген еді. Ақтөс үйге кешкі қараңғылық қоюланып, көз байланған шақта бір-ақ оралды.

...Содан құлазыған ит күн сайын ертелеңіп ауыл сыртындағы зиратқа тартып отыратынды шығарды. Тіпті, біразға шейін үйреншікті әдетінен жаңылмаған. Қорымды бетке алып бүлкілдеп бар жатқан жалғыз итті бүкіл ауыл тұрғындары танып алған.

Улken-кішінің аузындағы сөзі:

— Өн-е... Қосжаннның иті... Тағы да иесін іздел барады. Қасиетті хайуан. Шіркіннің көзіндегі жасты көрсөніз! Өзі де қайғыдан өлеңтін шығар...

— Неткен ақылды ит, — деді сақалды жігіт күрсініп. Оның үні жарықшақтанып естілді. Мөлдіреген жанары да жасаурап тұрған еді...

Менің де көз алдымға қабыр құшақтаған Ақтестің аянышты бейнесі жетіп келді...